


**«Ш.Уалиханов атындағы орта мектебі»КММ
9-сынып оқушысы Тегісбек Темірлан**



Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері:

Төлеу Көбдіковтің «Сарыарқа» - көшті тоқтатқан өлеңін ұрпаққа үлгі ету, отансүйгіштікке тәрбиелеу. Тамырын қазса тереңдей беретін әдебиетті тереңінен түсіну. Ақынның «Сарыарқа» атты өлеңін мектеп бағдарламасына енгізу.

1. Өлеңнің жазылу тарихына тоқталу. 2. Төлеу Көбдіковтың өлеңін келешек ұрпаққа дәріптеу, қайта жаңғыруын дәлелдеу. 3. Мұхтар Әуезовтың Төлеу Көбдіковтың өміріне, шығармашылығына тигізген әсері. Төлеу Көбдіковтың және М.Әуезовтың арасындағы туысқандық, достық, ұстаздық қарым-қатынасын келер ұрпаққа үлгі ету, халыққа таныту. М.Әуезовтың және Т. Көбдіковтың шығармашылық мұраларын жастар арасында насихаттау.



Ғылыми маңыздылығы: Болашақта «Сарыарқа» өлеңінің тарихи маңыздылығына көп мән бергім келеді, және Төлеу мен Мұхтар арасындағы байланыстың тереңіне үңіліп зерттеу. Осы өлеңді тарих пен әдебиет пәндеріне еңгізу.

Жоспар

Кіріспе бөлім

«Сарыарқа» - көшті тоқтатқан өлеңінің жазылу тарихы.

Негізгі бөлім

А) Мұхтар Әуезов және Төлеу Көбдіков туралы мәліметтер

Ә) Мұхтар Әуезов оқыған «Сарыарқа» өлеңі асыл-қазына

Б) Классик Мұхтар Әуезовтің Т.Көбдіковтың сөз күдіреттілігіне және “Сарыарқа” өлеңіне деген қызылушылық

Қорытынды бөлім

Аталар мұрасы - ұрпаққа аманат

Пайдаланылған әдебиеттер

Ізденіс үстінде



Мұхтар Әуезов (1897-1961ж.ж.)



Мұхтар Әуезов қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданында 1897 жылғы 28 қыркүйекте дүниеге келген. Әуезов Мұхтар Омарханұлы – қазақтың әйгілі жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, филология ғылымының тұңғыш докторы, профессор, Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген ғылым қайраткері.

Атасы Әуез, әжесі Дінәсіл немерелеріне Абай өлеңдерін қайта –қайта айтқызып, тындап отырған. Ол жөнінде жазушы: “Бір қыс, бір жазда Абайды түгелге жуық жаттап алдым”, - деп еске алады. Абайдың шығармаларын көп тындап, жаттап өскен Мұхтардың бойында көркем әдебиетке деген ықылас, құмарлық ерте оянды.

**Төлеу Көбдіков (Көпжерев)
(1874-1954ж.ж.)**



Шығыс өңірі - көркем сөзден зерделі кілем тоқыған танымал тұлғалардың өмір мен өнер есігін ашқан ортасы. Т.Көбдіков 1874 жылы 15 маусымда Қарқаралы уезінің Дағанды болысына қарасты II ауыл, Мұзбел жерінде (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданы, Баршатас аулында) дүниеге келген. Нағашысы атақты ақын Сабырбайдың қиыннан қисындыратын тапқырлығы, шешесі Қуандықтың ақындығы арқасында кезінде Абайды көріп, одан үлкен әсер алды. Шешендігі, пысықтығы арқасында жасында біраз жыл ел басқарды.

“Сарыарқа” өлеңінің шығу тарихы



1916 жылы Бірінші Дүниежүзілік соғыста Патша үкіметі қазақтарды қара жұмысқа, оқоп қазуға, құл ретінде алып кетпеу үшін қазақтар Қытайға көшпекші болады. 1916 жылғы патша үкіметінің июнь(маусым) жарлығына байланысты ел басына туған ауыртпалық, күйзелісті ақын терең толғанып, тебірене жыр етеді, халық қайғысына қабырғасы қайысып толғайды. Ел басына туған ауыр күнді суреттей келе, кір жуып, кіндік кескен туған жерімен қоштасып, ауылдастарының көшін тоқтатып, былай деп жырлапты:

Сарыарқа қаламысың өскен жерім,
Кір жуып, кіндігімді кескен жерім,
Бұрынғы қан төгісіп атам қонған,
Жеті жұрт бізден бұрын көшкен жерім!
Қайран ел, қайран жерден кетеміз бе?
Мұратқа бұдан артық жетеміз бе?
Қауіпті су, қатерлі кезеңдер бар,
Жол тауып аман – есен өтеміз бе?

Ақынның ең алғаш дарынын танытқан «1916 жыл» атты тарихи толғауы.

Сарыарқа

Сарыарқа, қалармысың өскен жерім,
Кір жуып, кіндігімді кескен жерім.
Қалмақпен қан төгісіп атам қонған,
Жеті жұрт бізден бұрын көшкен жерім!
Айырылып Сарыарқаның саясынан,
Болар ма қазақ аты өшкен жерім.
Сарыарқа, сайың толған бұлақ еді,
Сені өксіп талай халық жылап еді.
Сылдырап ақ зәмзәдай тастан шыққан,
Кірің жоқ, суың сенің сынап еді...
Ақ ауыл, ақтылы қой, айдаған мал,
Жарасып кең қалқана құлап еді.
Ақтабан-шұбырынды аштық көріп,
Тозған ел басын жаңа құрап еді.
Қауымы қарындастың қиын болды-ау,
Аумақ боп ел Арқадан сұлап еді!
Қайран ел, қайран жерден кетеміз бе?

Мұратқа бұдан артық жетеміз бе?
Қауіпті су, қатерлі кезеңдер бар,
Жол тауып аман-есен өтеміз бе?
Сарыарқа, сайың толған арқар еді,
Өзенің өлке толған шалқар еді.
Құс салып, ит жүгіртіп, мылтық атып,
Адамның шер-құмары тарқар еді.
Құдығың шөл қандырар, тас қалаған,
Мал ішіп, көк бастауға баспалаған.
Қызығы жаңа шыққан жасыл шөптің,
Кем емес тілі шыққан жас баладан.
Сарыарқа ұйқыменен таң аттырған,
Таң атса – күлкіменен күн батырған.
Айтуға аузым тосаң, көңілім босан,
Қорқамын осы жолдың қымбатынан.
Басыны қай моланың дуға оқимыз,
Кеткен соң бабалардың зиратынан!



«Сарыарка» перевод Тезекпаевой Г.М.

Сарыарка, земля моя родная
Здесь я рос в ребячестве играя.
Здесь, предки сражались с калмыками,
Кровь за родину проливая.
Здесь обрезали мне пуповину,
Как тебя я, родимая, покину?
Край простора обилия и красоты
Неужели останешься ты?
Прежде здесь были деды,
Кочуя в бескрайней степи.
Проживу ли я тень потеряв Сарыарки?
Разве ты станешь землёю,
Где слово казах угаснет, покроется мглою?
Овраги твои родниками полны, Сарыарка!
Сколько людей пролили горьких слёз вдали от
тебя...

Чистый как ртуть журчит ручей,
Пробивая дорогу из-под камней.
Белый аул, овечьи гурты, табуны
В объятиях твоих укрытые нашли.
Сарыарка, край золотой степи,
Чего не знала ты?
Голод и Актабан-шубырынды.

Только поднял голову, уставший народ,
Как души, сердца их тревога берёт:
Тяжело сестры собрание,
Зовущее на разлуку,
САРКОЙ расставание...
Вспоенные водами твоими, край мой родной
Обретём ли мы счастье на земле иной?
В ущельях твоих таятся архары,
Реки тянут к себе, как всеильные чары.
На охоте с птицей, собакой, стреляя из ружья
Человека отпускает грусть, печаль, тоска.
Жажду утоляя стоят колодца из камня твои.
К ключам спешат, устав от зноя, табуны.
Пробившая из земли, зелёная трава хороша,
Но ничто не сравнится с первым лепетом малыша.
Сарыарка, отрада моя!
Вместе с тобою рассвет встречаю,
С весёлым смехом день завершаю...
Боюсь выбранной пути, я об этом не таю -
Как бы не стало нам горько в чужом краю.
Язык мой беззвучен, сердцу больно
Грудь стесняется неволью.
Оставив предков мазары святые,
Уйдя в края холодные, чужие
Каким могилам будем мы читать молитвы?

Классик Мұхтар Әуезовтің Т.Көбдіковтың сөз құдіреттілігіне және “Сарыарқа” өлеңіне қызығушылығы.

Т.Көбдіков 1928 ж. байдың тұқымы, зиялылығы ретінде 10 жылға Қарағандының “Қоңыр абақты” түрмесінде 7 жылын өтеп, 1934 ж. еліне Шар қаласына оралды. Сол жылы ұлын Құлжанбекті Үштік Одақ келіп тұтқынға алып кетеді. Сол кезде өз әулетін аман алып қалу үшін Ресейге Топчиха деген жерге жер аударып кетеді. Барнауылдың түбінде бір орыстың малын бағып жүрді. Сол жерде аты-жөнін Көпжеровтан Көбдіковқа өзгертеді, туған күнін 15 маусымнан 15 наурызға өзгертеді. 1940 ж. М.Әуезов Абай елінде, “Абай жолын” жазып жүрген кезде, Т.Көбдіковтың “Сарыарқа” толғауы Мұхтардың қолына түседі. Толғау Мұхтарға үлкен әсер етеді. Сол толғаудың астында “Төлеу” деген 5 әріп тұрады. Қасында тұрған Абайдың немере інісі Әрхам Ысқақовтан сұрайды:

- Бұл Төлеу деген кім? Қайда екен? Өлеңі керемет екен-үлкен көшті тоқтатып қалған өлең екен. Сөзінің құдіреті керемет екен - дейді. М.Әуезов Алматыға барған кезде Ғылым Академиясынан жолдама алдыртып, ақынды елге қайтаруын ұйымдастырады. Ақырында Абайдың інісі Әрхам Ысқақов Барнауыл түбінен іздеп тауып, ақынды елге көшіріп әкеледі. Ақынның Шұбартауға бармай, жолда Шарда қалып қоюына бір себеп Құлжанбек есімді баласы Шарда дүние салған екен. Ақын сүйікті тұңғышының мәңгілік орнынан қашықтамауды қалаған.

Төлеу Көбдіковтың және М.Әуезовтың арасындағы туысқандық, достық, ұстаздық қарым-қатынасы

Мұхтар Әуезов Төлеуді шындықты айқын айтатын ақын ретінде танып, көптеген тарихи деректерді, шежірелерді нақышына айтып отыратынын ескере отырып, ақынды Алматыға бір ай қонақ болуға шақырды. «Абай жолын» жазуда Төлеу Мұхтарға рухани ұстаз бола білді. Ақын жазушыға нұсқаушы, бағыт-бағдар беруші, кеңесші бола білді. Екеуі жақын араласты. Бос уақыттарында дойбы ойнап, тең түсіп отырған. Мұхтар Әуезов ақынды Жазушы Одағының мүшесіне кіргізеді. Содан бері Төлеу Көбдіков ақын ретінде қайта жаңарып көптеген өлеңдері жарыққа шығады. Сол кезден бастап ақын айтыстарға қатысып, Мұхтардың көзіне тағы бір мәрте көрінді. Сондықтанда Төлеудің елге оралуна, қайтадан ақын ретінде танылуына Мұхтар Әуезовтің ықпалы өте зор болды, бағалай білді. «Сарыарқа» өлеңі тек қана көшті тоқтатпай, сондай-ақ Төлеуді өз еліне оралуына, ақын тұлға ретінде дәлелдеді. Қазірде осы өлең орысша, ағылшынша аударылуда. Бұл өлеңге үлкен баға берген М.Әуезов болса, осы өлең арқылы Төлеу “Тұңғыш Халық Ақыны” деген атағына иеленді.





1943 жылы ақындар, әлемге әйгілі жазушы Мұхтар Әуезовтың ұлы Мұраттың шілдеханасына барар кезде, жиналып, кішкентай нәрестеге есте қалатын қандай сыйлық апару туралы кеңесті, сөйтіп олар киім кешек апармақшы болды, сонда Төлеудің айтқаны: “ Киім кешектерін шіріп қалады, ал өлең шығарып апарсақ, сөз күдіреті мәңгілік қалады” -деп Төлеудің бастамасымен ақындар тойға өлеңдерін шығарып барыпты.



*Төлеу Көбдіков (Мұхтар
Әуезовтің оң жағында)
1943 жылы Алматыда
өткен халық
ақындарының айтысында.*

1943 жылы Семейде Төлеудің айтысын тыңдаған М. Әуезов “Төлеудің басқа қарт ақындардан өзгешелігі өлеңді жазып та, ауызша да шығаратындығы және өлеңіне көлденеңнен бірде бір жол енгізбейтіндігі, ол жазған, ол шығарған нәрсеге хатшы ақынның (газет-журналдағы қызметкерлерді, немесе баспадағы ақын-баспагерлерді меңзеп отырса керек) қол жүгіртуінің қажеті жоқ көрінеді” деуі Төлеудің ерен жүйрік еуенін білдіреді. Төкеңнің

жүйрік еуенін білдіреді. Төкеңнің көрінеді. “Төлеу Төлеудің ерен

Қорытынды

Асыл сөзді маржандай тізген, ойы өрелі, шешен тілді жүйріктердің бірі – Қазақстанның халық ақыны Төлеу Көбдіков (Көпжерев) – уақыт өткен сайын биіктей беретін ірі тұлғаның бірі. Қазақстанның халық ақыны Төлеу Көбдіковтің ертеде ауызша шығарып айтқан өлеңдері әлі түгел жиналып, зерттелген жоқ. Ақынның тұңғыш баспа жүзін көрген шығармасы 1916 жылдың уақиғасына арналған жыры. Бүгінгі күні жастарға осы толғаудың үлгі – өнегесі арттыра түссе деген ойдамын. Осы толғау арқылы біздің бойымызда отансүйгіш сезімдер орнайды және де біз бар күш – жігерімізді Отанымыздың, ата-бабаларымыздың мұрасының көркеюіне үлес қосамыз. Болашақта «Сарыарқа» өлеңінің тарихи маңыздылығына көп мән бергім келеді және Төлеу мен Мұхтар арасындағы байланыстың тереңіне үңіліп зерттеу. “Сарыарқа” өлеңін мектеп бағдарламасына енгізу.

Әдебиеттер:

- Ахметуллин М. Рухы алдында бас иеміз: [Халық ақыны Т.Көбдіковтың туғанына 125 жыл]// Семей таңы.- 1999.- 10-16 маусым(N23).- Б.3.
- Берікболов Қ. Төкпе ақын еді// Дидар.- 2004. — 26 маусым. — Б 5
- Берікболов С. Туған елім// Ертіс өңірі.- 2004. — 29 сәуір. — Б. 27
- Жұмабаев М. Ақындар шықты айтысқа, Сарыарқаның ескен желіндей: (Төлеу Көбдіковтың туғанына 130 жыл толуына орай)// Ертіс өңірі.- 2004. — 8 шілде. — Б. 4
- Зүкенов М. Төлеу ақын ақ батасын беріпті// Семей таңы.- 2004. — 27 тамыз. — Б. 3
- Ибраева С. Төлеу ақын жайлы бір үзік сыр// Абай.- 2003. — N4. — Б. 53-54
- Көксегенов А. Қос тарлан// Ақ Ертіс — Иртыш.- 2004 — N 3.- Б. 41-50
- Құлжанбеков Е. Біз Төлеудің ұрпағымыз: [Т. Көбдіковтың туғанына 125 жыл толуына орай]// Семей таңы.- 1999.- 10-16 маусым(N23).- Б.3.
- Оразалин Е. Қуандық қойдық атыңды / Оразалин Е.// Семей таңы.- 2006. — 20 шілде. — Б. 6
- Сәрсекеев М. «Ақылды адам арманмен егеспейді»: [Семейде жазушы М.Сәрсекеевтің «Бес тұғыр» кітабы жарық көрді.

*Жазарларыңызга
рахмет!*